

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

21 қараша 2016 жыл

"ҚазАгроҚаржы" АҚ бес жылдық облигацияларын орналастыру жеке инвесторлар үшін борыштық капиталдың қазақстандық нарығын қайта ашты

Бұрын хабарланғандай, 2016 жылдың 14 қарашасында Қазақстан қор биржасының (KASE) сауда-саттық жүйесінде, биржада KAFIb6 сауда-саттық коды берілген, "ҚазАгроҚаржы" АҚ облигацияларының кезекті шығарылымын орналастыру болып өтті. Аукционның қорытындысы бойынша эмитент көлемі сегім миллиард теңге бес жылдық облигацияларын жылдың 15 %-бен орналастырды. Орналастырудың ерекшелігі оның беймемлекеттік институционалдық және бөлшек инвесторларға бағдарлануы болды. Сауда-саттыққа қатысуға 13 инвестор өтінім берді, оның ішінде банктер, брокерлік компаниялар және олардың клиенттері, соның ішінде бір жеке тұлға. Сұраным көлемі ұсынымнан 23 % артып, 9,9 млрд теңгеге жетті. Облигацияларды 11 инвестор сатып алды.

KASE пікірі бойынша, осы орналастыру, дағдарыс пен ұлттық валютаның әлсіреуі салдарынан болған ұзақ үзілістен кейін, жеке инвесторлар үшін борыштық капиталдың қазақстандық ұйымдастырылған нарықты қайтадан ашты.

"Қазақстан қор биржасында корпоративтік облигацияларды орналастыру жиі өтеді, кейде аптансына бірнеше рет. Әр орналастыру инвесторлардың шектелмеген санына қолжетімді, себебі ашық сауда-саттық әдісімен өткізіледі. Алайды, соңғы екі-үші жылда мемлекеттік сыңайлы компаниялар арасынан шыққан эмитенттер бір сатып алушыға – БЖЗҚ немесе өзге мемлекеттік құрылымға бағдарлана отырып орналастыру жүргізеді. Осындай орналастырулардың қаржылық кеңесшілері мен эмитенттің өзі, арнайы мамандандырылған сауда-саттыққа қатысуын ешкім шектемесе де, басқа инвесторларды тартуға мүдделі емес. "ҚазАгроҚаржы" АҚ және оның қаржылық кеңесшісі бастапқыдан осы шығарылымды жеке инвесторларға бағдарлап, тиісті маркетингілік іс-шараларды жүзеге асырып, сондықтан орналастыру табысты өтті", – деді өз сөзінде KASE Басқармасы Төрайымының орынбасары А.Ю. Цалюк. "Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемені бірте-бірте төмендетуі және инфляция деңгейінің құлауы жағдайында KASE нарыққа қатысушыларға – эмитенттерге де, инвесторларға да – осы кейске назар аударуды нұсқайды. Нарықта, бүгінгі таңда өте қызықтыратын шарттармен ұсынылатын, теңгелік қаржы құралдарына қызығушылық бар", – деп өз сөзін толықтырды ол.

Орналастыруға түсінік бере отырып, "ҚазАгроҚаржы" АҚ Басқармасы Төрағасының орынбасары Айнұр Сейтқасымова "локальды облигациялардың инвесторлардың кең ауқымды саны арасында көпшілікке орналастырылуы Компанияның инвестициялық тартымдылығын арттыруға бағытталған бірізді стратегиясы болып табылады. Компанияның тұрақты қаржылық жағдайы, сондай-ақ оның қызметінің айқындығы инвесторлардың сенімін нығайтады. Соңғы жылдары қаржы құралдарының және Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенінің өсуін қамтамасыз ету үшін қаржыландыру көздерінің диверсификациясына ұмтылады. Дебюттік шығарылымымыздың табыстылығы қазақстандық аграрлық секторына, мұнай және банктік салалармен қатар, инвесторлардың назарын тартады деп сенеміз".

"ҚазАгроҚаржы" АҚ қаржылық кеңесшісі және андеррайтері "Қазақстан Халық Банкінің еншіес ұйымы "Nalyk Finance" АҚ (Алматы) болып табылады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша 2-ші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша топ-5 кіреді.

"ҚазАгроҚаржы" АҚ – ҚР Үкіметінің қаулысымен 1999 жылы құрылған. Негізгі мақсаты – ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне қаржыларға, сондай-ақ ауылшаруашылық техникаға және технологиялық жабдықтарға лизингілік негізде, қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы, республиканың аграрлық секторын дамуын қолдау болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz